

ХАТТАМА №1

Әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жөніндегі жиналыс

Мектеп: Шәкәрім атындағы ЖББМ

Күні: 10.12.2024 ж.

Өтетін орны: ағылшын кабинеті

Қатысқандар: Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі өкілдері, ата-аналар

КҮН ТӘРТІБІ:

- Әлеуметтік жағдайы төмен, көмекке мұқтаж оқушылардың тізімімен танысу
- Ата-аналармен байланыс орнату және жауапкершілікті арттыру шаралары
- Мектеп тарапынан көрсетілетін көмектер мен қолдауларды түсіндіру
- Жеке мәселелерді талқылау (құпиялылық сақталады)

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

Жиналысты мектептің әлеуметтік педагогы Бегенова Махаббат ашты. Ол қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың жағдайына қысқаша шолу жасады.

Сынып жетекшілері өз сыныптарындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар туралы мәлімет беріп, ата-аналармен байланыс деңгейін баяндады. Кейбір оқушылардың мектепке келу үлгерімі мен тәртібі де сөз болды.

Психолог Лазимова Татьяна сөз алып, қиын жағдайдағы балалармен қалай қарым-қатынас орнату, ата-аналармен сенімді байланыс орнатудың жолдарын ұсынды.

Ата-аналар тарапынан кейбір отбасылар тұрмыстық қиыншылықтарын айтып, көмек сұрады. Әлеуметтік педагог нақты қолдау түрлері (ыстық тамақ, киім, кеңсе тауарлары, т.б.) бойынша түсініктеме берді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

- Әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың жағдайын үнемі бақылауда ұстау.
- Ата-аналармен жүйелі түрде жеке кездесу, қоңырау шалу, үйге бару секілді байланыс әдістерін тұрақты жүргізу.
- Қажетті құжаттар (атаулы көмек, көпбалалы отбасы, аз қамтылған отбасы анықтамалары) уақытылы жиналсын.
- Мектеп әкімшілігі мен демеушілер тарапынан мүмкін көмек көздері қарастырылсын.
- Жағдайы ерекше ауыр отбасылар тізімі аудандық әлеуметтік қорғау бөліміне ұсынылсын
- Хаттаманы жүргізген: Бегенова М(әлеуметтік педагог)**

